

***Ынтымақ ЖОББМ 2022 жылы бойынша  
өткізілген тәрбие жұмысына  
сараптамасы.***

***ДТІЖО: Дуйсенова А.К.***

Ынтымақ ЖОББ мектебінде тәрбие ісі жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алынып жасалған.

**Тәрбие жұмысының тақырыбы:** «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халық дәстүрлерін дәріптей отырып, жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру»

**Тәрбие жұмысының мақсаты:** «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында жауапты және жан-жақты үйлесімді дамыған, рухани адамгершілік жағынан бай тұлғаны тәрбиелеу. Өзін –өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтау, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

**Тәрбие жұмысының міндеттері:**

- Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті қалыптастыру.
- Азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанын-Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге;
- Саяси, құқықтық, экономикалық, экологиялық талғам мәдениетін қалыптастыру;
- Отбасылық мәдениетті және гендер проблемасындағы сауаттылықты қалыптастыру;
- Рухани-адамгершілік, этномәдениет, ұлтаралық қатынас пен толеранттық мәдениетін қалыптастыру;
- Сыни ойлау дағдысы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сипаттама: Оқушылардың 2022 оқу жылының басы бойынша әлеуметтік жағдайының мониторингі

| Оқу жылы      | Барлық оқушы саны | Аз қамтылған          | Көп балалы отбасы     | Толық емес отбасы    |
|---------------|-------------------|-----------------------|-----------------------|----------------------|
| 2022ж.ж       | 156 оқушы         | 4 оқушы ,<br>1 отбасы | 77-бала,<br>29-отбасы | 16-бала<br>13-отбасы |
| 2022-2023 ж.ж | 15ң оқушы         | 4 оқушы<br>1 отбасы   | 77-бала<br>27 отбасы  | 16 бала<br>10 отбасы |

Бұл көрсеткіш бойынша аз қамтылған отбасы саны көбейіп жатыр, толық емес отбасы саны мен көп балалы отбасы саны 2-есеге өсті.

### ***Сынып жетекшілерінің сапалық құрамы:***

2020-2021 оқу жылында: зеріттеуші – 8 (22,22%), сарапшы –11 (30,5%) , модератор– 6 (16,6 %), II-санатты -1(2,7%), санаты жоқ -9 мұғалім.

2021-2022 оқу жылы: зеріттеуші – 8 (22,22%), сарапшы –11 (30,5%) , модератор– 7(19,44 %), II-санатты -1(2,7%), санаты жоқ -9 мұғалім. Бұл бізге мұғалімдердің сапалық көрсеткішінің динамикасы өсті дегенді білдіреді.

### **1.Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** Отанға , мемлекет пен қоғамға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын патриотты азаматты тәрбиелеу.

Осы бағыт бойынша 2 іс-шара жоспарланды, барлығы да өткізілді. Республикалық сынып сағатты «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» білім беру сабағы 1 қыркүйек күні барлық сыныптарды ұйымдастырылып жақсы деңгейде өтті, бұл тәрбие сағаттарға ата-аналар қатысты деп ойлаймын. Жауапты ұстаздар әр сынып бойынша анықтамаларын жазып тапсырды.

«Қауіпсіз мектеп» айлығы шеңберінде мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жоспар құрылды. Сонымен қатар түнгі рейд кестесі құрастырылды.Түнгі рейд кезекшілігіне 35 мұғалім тартылды. Мектеп мұғалімдерінің жүйелі кезекшілігі нәтижесінде 1 оқушы құқық бұзушылық бойынша темекімен ұсталып айыппұл салынды. Мектепшілік есепке тіркелген жоқ.

«Жас Айбын» әскери-патриоттық клубының жетекшісі Тұрғанбек Ж.С. үнемі әр түрлі шараларды өткізіп отырды, жоғары сыныптың оқушылары белсене қатысты.

Патриотизм мен азаматтық және құқықтық тәрбие бағытында 2022-2023 оқу жылында 40 іс-шара жоспарланды. Оның 37 іс-шарасы уақытылды атқарылса биылғы жылы ел Президенті Кемелұлы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәлімдеуімен «Тұңғыш Президент» күні аталып өтілмейтін болғандықтан оқу жылының басындағы жоспарланған жұмыс өткізілмеді. 16-желтоқсан « Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай концерттік іс-шара жоспарланған болатын .Ел Президентінің Тәуелсіздік күнін қаралы күн деп жариялануына орай концерттік программа өткізілмеді. Жылда осы атаулы мереке қарсаңында оқушыларды қабылдайтын едік, биылғы жылғы өзгерістерге байланысты кейінге бұл іс-шара кейінге шегерілді. «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына мамыр айының 5-і күні салтанатты түрде 11 оқушы қабылданды. Айына 1 рет « Құқықтық тәрбие» сынып сағаттары өткізіліп тұрады. Түнгі уақытта оқушылардың көшеде жүрмеуін қадағалау мақсатында мұғалімдерден құралған кезекшілік журналы оқу жылының басында бекітіліп, рейдтер жасалып тұрады. Оқу жылының басында құқыбұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу үшін ПДН ЦРОВД мен Ынтымақ ЖОББ мектебімен бірлескен жоспар бекітіледі. Жоспарға сай жұмыстар атқарылады. Түнгі рейдтер барысында ішімдікке бейім отбасылар анықталып, үйлеріне барып, отбасында ахыуалды анықтау мақсатында жыл бойы жұмыстар атқарылды. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар бойынша Целиноград ауданы ДТІСЖО семинарында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» (буллинг) тақырыбында баяндама оқыдым.Онда барлық ата-аналармен атқарылған және ювеналды инспекторлары және участкелік полицейлермен бірлесіп атқарылған жұмыстар баяндалды. Оқу жылының басындағы жоспарланған жұмыстардан тыс бала тәрбиесі мен қиын отбасыларға қатысты жұмыстар жүргізіліп отыратынын айтқым келеді.

| Мерзімі   | Жоспар бойынша | Өткізілгені | Өтілмегені | Іс-шаралар атауы                                                                                                                                                                                                                                                                       | Тиімділігі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-----------|----------------|-------------|------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қыркүйек  | 3              | 3           | 0          | Білім күні салтанатты іс-шара<br><br>«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншыдық» атты тәрбие сағаттар;<br><br>Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кездесулер, рейд                                                                                                                | 1-қыркүйек «Білім күні» салтанатты іс-шара мектеп ауласында өтті. Бұл шараға сынып жетекшілер, оқушылар және ата-аналар атсалысты. Сынып жетекші мен оқушы арасындағы қарым-қатынас нығая түсті, Отанға деген құрмет қалыптастыруда ерекше мәні болды. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жергілікті участкелік полицей Узакбаев А.А. мен майор Аппасов К.Б. оқушыларға лекцияны оқыды. |
| Қазан     | 3              | 3           | 0          | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Даналық, ізгілік және Құрмет»,</li> <li>➤ Құқық бұзушылықтың алды алу кеңес отырысы</li> <li>➤ «Адалдық сағаты» сынып сағаты</li> </ul>                                                                                                      | Сынып жетекшілер қыркүйек айында сынып сағатын өткізді. Оқушылардың бойындағы адамгершілік құндылықтарын оятып, әр қашан өтірік айтпауға, жамандық жасамауға тәрбиелеу мақсатында. Күнделікті оқушылардың сабаққа кешікпей келуін, сабаққа қатысуын анықтау, құқықбұзушылықтың алдын алу.                                                                                                    |
| Қараша    | 5              | 1           | 0          | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік»</li> <li>➤ Адал ұрпақ «Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын»</li> <li>➤ «Зорлық – зомбылықсыз өмір»</li> <li>➤ Құқық бұзушылық кеңесінің алдын алу кеңесінің отырысы</li> </ul> | Сынып сағаттары, профилактикалық әңгіме, сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Оқушылардың қандайда бір құқық бұзушылыққа бармауының алдын алу мақсатында. Оқушылардың мектептегі тәртіптері, бой тазалығы, сабаққа қатысуын талқылау, кемшіліктерді анықтау.                                                                                                                                   |
| Желтоқсан | 7              | 2           | 0          | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Тәуелсіздіктің ұлы рухы- желтоқсан»,</li> <li>➤ «Оқушылардың сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатынасы»</li> <li>➤ Құқық сағаты «Білім алушылар, кәмілетке</li> </ul>                                                                        | Сынып сағаттар мен дөңгелек үстел, дебат ойындары өткізілді. Тарихты білу, құрметтеу, ер есімін есте сақтау мақсатында. Ата-аналар мен оқушылармен міндеттер мен құқықтық ақпарат беру, перотехниканы сатып алғанда абай болуды, сақтық шараларын сақтануды                                                                                                                                  |

|        |   |   |   |                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|--------|---|---|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|        |   |   |   | <p>толмағандардың заңды өкілдері»</p> <p>➤ «Перотехникалық өнім қауіпті»</p> <p>➤ Құқықтық кеңес отырысы.</p>                                                                                                                                        | <p>ескерту мақсатында түсіндіру жұмыстары. Оқушылардың мектептегі тәртіптері, бой тазалығы, сабаққа қатысуын талқылау, кемшіліктерді анықтау.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Қантра | 3 | 3 | 0 | <p>➤ Құқық сағаты «Жауапкершілік және оны іске асыру нысандары. Кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі.</p> <p>➤ Суреттер байқауы «Біз жемқорлықсыз әлем үшін». «Адал ұрпақ» еріктілер клубы.</p> <p>➤ Алдын алу кеңесінің отырысы №5</p> | <p>Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 5-11 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Өртүрлі ситуациялық жағдайлар видео материалы ұсынылды. Оқушыларға видеоларды көрсетіп, құқықбұзушылықтың салдары түсіндіріліп, нәтижесі де қуантарлық болмайтыны туралы айтылды.</p> <p>«Адал ұрпақ» клубы оқушылар арасында суреттер байқауын ұйымдастырды. Әр оқушы жемқорлыққа байланысты өз ойларын сурет арқылы жеткізді. Ең үздік деген оқушы марапатталды. Алдын алу кеңесінің отырысы өткізілді. Онда білім алушылардың және ата-аналардың немесе олардың жеке істерін қарай жұмыстары қаралды.</p> |
| Ақпан  | 4 | 4 | 0 | <p>➤ Сынып сағаты. Ауғанстан әскерлерді шығаруға арналған.</p> <p>➤ «Соғыс үшін ешкім жаралған жоқ»</p> <p>➤ Құқық сағаты «Жасөспірім және заң»</p> <p>➤ Алдын алу кеңесінің отырысы №6</p>                                                          | <p>Ауған соғысы ардагерлеріне арналған сынып сағаты өтті. Тәрбиелік мәні бар, танымдық, еске алу сабағы болды. Кіреберіс холлда Ауғаныстаннан әскерлерді шығару күніне арналған көрме ұйымдастырылды.</p> <p>Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 4-5 сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді. 6-11 сынып оқушыларына жергілікті участкелік полициеймен бірлескен құқықтық профилактика өткізілді.</p>                                                                                                                                                                                             |
| Наурыз | 2 | 2 | 0 | <p>➤ Құқықтық білім сабақтары:</p> <p>-мектеп заң аумағы</p> <p>-жаман сөз вирус</p> <p>-менің құқықтарыммен міндеттерім</p>                                                                                                                         | <p>Көктемгі демалысқа кетпес бұрын сынып жетекшілері барлық оқушылармен әртүрлі форматта профилактикалық жұмыстар өткізеді. Онда жаман сөз айтпауға, қоғамдық орындар да әдептілік сақтауға,</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |

|       |   |   |   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-------|---|---|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|       |   |   |   | <p>- сенім телефоны</p> <p>✓ Алдын алу кеңесінің отырысы №7</p>                                                                                                                                                                                                                                                                              | <p>т.б қауіпсіздік ережелері бойынша да, қандайда бір оқыс жағдайлардың алдын алу жұмыстар өткізеді.</p> <p>Кеңес отырысында 6,8 сынып оқушыларының құқықбұзушылықтық алдын алу жұмыстарының жай-күйі туралы сұрақтар талқылаып, шешімдер шығарылды.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Сәуір | 5 | 5 | 0 | <p>➤ Сынып сағаты «Ғарыштағы алғашқы адам»</p> <p>➤ Құқықтық жалпы оқыту</p> <p>➤ Алдын алу кеңесінің отырысы №8</p> <p>➤ Сынып сағаты «Толерантты сананы қалыптастыру» Фестиваль «Қазақстан – достық елі»-халықтар достығы күні.</p> <p>➤ Фестиваль . «Балалар және театр» жобасы бойынша «Қазақстан- достық елі»-халықтар достығы күні</p> | <p>12 сәуір «Ғарышкерлер» күніне орай мектепте сынып сағаты және сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды. Арнайы Ғарышқа саяхат фотозона жасалды, акция ұйымдастырылып, оқушылар қолдан Ракета жасап, ұшыру сайысын өткізді. Ең ұзақ ұшқан Ракета иесі марапатталып, сыйлықтар алды.Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесі отырыс өткізілді. Онда оқушылардың жыл бойғы тәртіптері талқыланды. Есепке алынған оқушылар болған жоқ. 1 мамыр- Қазақстан халқының бірлігі күніне орай фестиваль ұйымдастырылды, онда әр сынып жеребе тарту арқылы әр ұлттың салтын, мәдениетін, ұлттық киімі мен тағамдарын насихаттау арқылы ақпараттанады. Сонымен қатар осы атаулы күнге орай жоспар құрылып, жоспарға сай флешмоб, суреттер көрмесі ұйымдастырылды.</p> |
| Мамыр | 8 | 8 | 0 | <p>➤ Ерлік сабағы</p> <p>➤ Сап және ән байқауы</p> <p>➤ Әскери-патриоттық әндер байқауы</p> <p>➤ Құқықтық жалпы оқыту сынып сағаты.</p> <p>➤ «Тәрбие деңгейін» тестілеу</p> <p>➤ «Естелік вахтасы» акциясы</p> <p>➤ «Адал және</p>                                                                                                           | <p>7 мамыр –Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр-Ұлы Жеңіс күніне орай жылдық жоспардан тыс жоспар құрылып, жоспарға сай жұмыстар өткізілді. Соғыс кезіндегі қиындықтар мен күн-түн демей тылда еңбек еткен аналарымыз, кеудесін оққа тосқан әкелеріміз туралы түрлі іс-шаралар жүргізілді. Мақсаты оқушылардың тарихты білуге , ынтымақта болуға, адамгершілікке, еңбекқорлық тәрбиесін бойларына сіңіру. Айына бір</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |

|  |  |  |  |                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--|--|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  |  |  | сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында суреттер көрмесі.<br>➤ Алдын алу кеңесі отырысы №9 | рет құқықтық сағаттар жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Онда оқушыларды жамандық пен жақсылықтың ара жігін ажыратуға тәрбиелеу, тәртібі төмен оқушылармен әңгіме жұмыстарын жүргізу, атааналармен қарым –қатынас орнату т.б. жұмыстар атқарылып отырады. |
|--|--|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Ұсыныс: осы бағыт бойынша жұмыстарды әрі қарай жалғастыру, жүйелі түрде құқықтық және патриоттық жұмыстарды жандандыру.

## 2.Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру.

- Бұл бағыт бойынша 11 іс-шара жоспарланып өткізілді. 2 іс-шара уақытында өткізілмеді. Оған себеп оқушылардың кезек-кезек ауырып қалуы. «Балалар және театр». «Ертегілер әлемінде» сахналық қойылымды оқу жылының соңына дейін жоспарлап өткізуге тырысамыз. Екінші «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» «Абай және Пушкин –екі жүректің үндестігі» тақырыбында кітапханашы Төлеухан Г әдеби кеш өткізу керек болатын. Денсаулығына байланысты бұл іс-шарада кейінге шегерілді. Қарттар күніне концерттік бағдарлама және қарттарға арналған мерекелік кеш өтті. Ауыл қарттарына арнайы шақыру билетін дайындап мектептің тәлімгері Жарқын Ділдә мен ДТІСЖО Дуйсенова А.Қ үйлеріне апарып өз қолдарымен табыстады. Мектебімізде қарттарға арналған мерекелік дастархан жайылып оқушылардың дайындаған концертін тамашалап, караоке айдарында әуезді әндер орындап, ән айтқан қарттарға мектеп әкімшілігі мен Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Нецолова О.В дайындаған арнайы сыйлықтары табысталды. Іс-шара би алаңына шығып билеумен жалғасты. Қарияларымыз мерекелік кештің соңында өз алғыстарын жаудырып, ризашылықтарын білдіріп, бір серпілтіп тастағандары үшін мектеп басшысы мен ұжымына және оқушыларға алғыс білдіріп, баталарын беріп тарқасты. Ұстаздар мерекесіне орай мектептегі 9-11 сынып оқушылар «Өзін-өзі басқару» күнін өткізіп, ұстаздарына арнап газеттер шығарып, сынып сағаттарын өткізіп, концерт ұйымдастырып, ән айтып, өлең оқып, құттықтаулары мен алғыстарын білдірді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында А.Байтұрсынұлы және қазақ жазуының тарихы тақырыбында кітапханашы Төлеухан Гүлнардың ұйымдастыруымен танымдық сабақ өтті. Оқушылар қатысып білімдерін кеңейтті. 1-4 сынып арасында «Күз мезгілі..» тақырыбында өлеңдер оқу сайысы болды. Қатысушы оқушылардың ішіндегі ең мәнерлеп оқыған оқушылар мадақтамалармен марапатталып, ұйымдастырушы мұғалімдердің дайындаған сыйлықтарын иеленді. 1-11 сыныптар арасында «Алтын күз» мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Оған барлық сыныптар қуана-қуана қатысып, «Күз Ханшайымы» мен «Күз Ханзадасы» атанды. 1-4, 5-8, 9-11 сыныптар арасында бөліп-бөліп өткізілді. Оқушылардың демалысын тиімді өткізу мақсатында күзгі демалыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері жоспарға сәйкес оқушылармен демалыс уақытында жұмыстар жүргізді. Демалыс уақытының барлық кезеңінде мектепшілік жоспар

құрылып, жоспарға сай жұмыстар атқарылады. Оқушылардың арасында Абай мен Пушкин оқулары өткізіліп, жазушылардың шығармаларын жаттап, үздіктер марапатталды.

| Мерзімі   | Жоспар бойынша | Өткізілгені | Өткізілмегені | Ұйымдастырылуы                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Тәрбиелік мәні                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|-----------|----------------|-------------|---------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қыркүйек  | 2              | 1           | 1             | ➤ Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына орай «М.Әуезов және Абай» әдеби кеш                                                                                                                                                                                                                                     | Қазақ халқының әдебиетіне үлес қосқан, ақын, жазушы тұлғаларын білу, өмірбаянымен танысу.                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Қазан     | 6              | 6           | 6             | ➤ Акция «Қарттарымызды қошеметтейміз!»<br>➤ Мұғалімдер күніне арналған мерекелік концерт «Ұстазым, ұлағатым-үлгі өнегем!»<br>➤ Жоба «Оқуға құштар мектеп» А.Байтұрсынұлы және қазақ жазушының тарихы.<br>➤ Өлеңдер байқауы «Күз мезгілі...».<br>➤ «Алтын күз» іс-шарасы<br>➤ Күзгі демалыс жоспарын құру | Қарияларды құрметтеу, ұстаздарға деген ыстық ықыластарын білдіру, кітап оқып, ұлтым деген тұлғалардың өмір жолымен танысып, патриот болуға, күздің әсемдігін, күзде жиналатын ас атасынан қайдан пайда болатынын дәріптеу мақсатында. Күзгі демалыс уақытын тиімді өткізу мақсатында жоспар дайындалып балалардың демалысын қызықты өткізу. |
| Қараша    | 1              | 0           | 1             | ➤ «Балалар және театр». «Ертегілер әлемінде» сахналық қойылым.                                                                                                                                                                                                                                           | Оқушылардың актерлік шеберліктерін шыңдау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Желтоқсан | 2              | 1           | 1             | ➤ «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» «Абай және Пушкин – екі жүректің үндестігі» әдеби кеш<br>➤ Жеке жоспар бойынша қысқы                                                                                                                                                                                | Тарихи тұлғаларды ану, білу. Қысқы демалыс кезінде демалысты тиімді ұйымдастыру.                                                                                                                                                                                                                                                            |

|        |   |   |   |                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--------|---|---|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|        |   |   |   | коникул<br>ұйымдастыру.                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Қаңтар | 3 | 3 | 0 | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Суреттер байқауы: «Біз бақытты балалқ шақ үшін»</li> <li>➤ Дөңгелек үстел: «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы «Дәстүр мен ғұып» бағыты бойынша</li> <li>➤ «Оқуға құштар мектеп» Алдар Көсе ертегісі.</li> </ul> | Суретте байқауы ұйымдастырылды. Оқушылардың ойларын сурет арқылы сипаттау мақсатында. Үздік чурет салған оқушыларды мадақтау. 9 сынып оқушыларымен өткізілген «Дәстүр мен ғұрып» бағыты бойынша әр ұлттың салты, ғұрпы соның ішінде қазақ халқының ерекше салт-дәстүрлері туралы ақпарат беру. Оқушыларды кітап оқуға баулу, мәтінін мағынасын түсініп оқуға талпындыру мақсатында, мадақтау, үздік оқырман атағын беру. |
| Ақпан  | 1 | 1 | 0 | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Адамгершілік – адамның рухани арқау». Сынып сағаты.</li> </ul>                                                                                                                                                              | Адамгершілікке, мейрімділікке тәрбиелеу мақсатында 1-11 сыныптарды сағаттары өткізілді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Наурыз | 2 | 2 | 0 | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Сынып сағаты: «Аналар күні- ең керемет күн»</li> <li>➤ «Ұлы Абай мұрасы» көрме</li> </ul>                                                                                                                                    | Халықаралық әйелдер күніне орай барлық сыныптарда сынып сағттары өткізілді. Аналарын, қарындастарын, әпкелерін құрметтеуге, сыйластық қанытуға, қамқор болуға тәрбиелеу. Концерттік бағдарлама ұйымдастырылып өткізілді. Ұлы Абай атамызды ұлықтау, қазақтың бір туар азаматынының кітаптарынан құралған көрме өткізілді .                                                                                               |

|       |   |   |   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-------|---|---|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сәуір | 2 | 1 | 1 | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Мейрімді сөздер километрі» акциясы</li> <li>➤ Эссе байқауы «Егер мен адамдарға жақсылық жасасам»</li> </ul>                                                                                                                                                      | <p>Психолог жақсы жұмыс оқушылармен, ата-аналармен, ұстаздармен өз-ара жақсы қарым-қатынас орнату мақсатында жүргізілу керек болатын. Еш себепсіз бұл жұмыс атқарылмады. Жақсылық жасау, адамның жүрегіне жақсы сезім сыйлайтынын ескере отырып, оқушылардың мейірімін, адамгершілік қасиетін ояту мақсатында ұйымдастырылған жмыс болды.</p>                                                                                                                                                                                                                 |
| Мамыр | 3 | 2 | 1 | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Оқу жылының аяқталуына арналған қорытынды жиындар.</li> <li>➤ «Мен саған жылу сыйлаймын» жобасы аясында «Сүйікті мектебімнің түлегі».</li> <li>➤ «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы «Еңбек елдің мұраты» Құқықтық мәдениет бағыты бойынша</li> </ul> | <p>Оқу жылының аяқталуына орай сыныптарда қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Соңғы қоңырауға дайындық, мемлекеттік емтихандар, жазғы демалыс бойынша ақпараттар берілді. Мектеп түлекиеріне арналған құттықтау бұрышы жасалып, оған ұстаздар мен оқушылар өздерінің жүрек жарды тілектерін жазып салды. Түлектерге арналған шағын естелік сыйлық табысталды. Құқықтық бағыт бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Ай көлемінде жоспарланған киелі орындарға саяхат болған жоқ. Себебі, оқу жылының пәндер бойынша қорытынды</p> |

|  |  |  |  |  |                                                                                                        |
|--|--|--|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  |  |  |  | жұмыстары,<br>сыныптан тыс «іс-<br>шаралардың<br>жоспарлануы,<br>аудандық<br>жарыстардың<br>өткізілуі. |
|--|--|--|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|

**Ұсыныс:** Оқуға құштар мектеп жобасын жандандыру, оқушыларды көптеп кітап оқуға дағдыландыру.

### 3. Бағыты: Ұлттық тәрбие

**Мақсаты:** Жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету

Осы бағыт бойынша 4 іс-шара жоспарланған барлығы да өткізілді.

«Менің тілім-менің досым» атты тәрбие сағаты 1-4 сынып оқушыларына сынып жетекшілер өткізді.

«Тілдер он күндігіне арналған » көрме өтті. Тіл мамандарымен он күндік жоспар құрылып іс-шаралар ұйымдастырылып жүргізілді. «Менің тілім-менің досым» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Теңге –Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» тақырыбында теңге күніне арналған кітаптар көрмесі өткізілмеді. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша сынып жетекшілері жоспарға сай сынып сағаттарын өткізіп отырады. Күнделікті қлтжанды болуға, өзінің тілі сүйеге, дінін құрметтеуге арналған әртүрлө іс- шаралар жоспардан тыс та ұйымдастырылып отырады.

| Мерзімі  | Жоспар бойынша | Өткізілгені | Өткізілмегені | Ұйымдастырылуы                                                                                                                                                                                                   | Тәрбиелік мәні                                                                                                                                                     |
|----------|----------------|-------------|---------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қыркүйек | 2              | 2           | 1             | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Менің тілім-менің досым»</li> <li>➤ «Тілдер күніне арналған көрме»</li> </ul>                                                                                          | Оқушыларға өз тілін құрметтеуді, білуді үйрету. Кітап көрмесін ұйымдастыру арқылы тіл жанашырларын білуге, тануға ұмтылту.                                         |
| Қараша   | 2              | 1           | 0             | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Сынып сағаты «Теңге-Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» .</li> <li>➤ Теңге – Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» күніне арналған кітаптар көрмесі.</li> </ul> | Әр түрлі ұлттың өзінің валютасы бар, дәл сол сияқты біздің мемлекетіміздің де валютасы бар, мемлекетіміздің таңгесінің шығу тарихы туралы оқушыларға ақпарат беру. |
| Қаңтар   | 1              | 1           | 0             | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Ашық тірбие сағаты: «Ахмет Байтұрсыновтың шығармалары.</li> </ul>                                                                                                       | А. Байтұрсыновтың өмірбаяны, қазақ ұлтына, әліппіне сіңген еңбектері, шығармалары туралы танымдық ашық сынып сағаты өтті. Патриоттық                               |

|        |   |   |   |                                                |                                                                                                                                                                                                                                         |
|--------|---|---|---|------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|        |   |   |   |                                                | сезімдерін ояту, білімді болуға ұмтылуға тәрбиелеу мақсатында.                                                                                                                                                                          |
| Наурыз | 1 | 1 | 0 | ➤ Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шара. | Ұлттық салт- дәстүрді дәріптеу мақсатында 10 күндік жоспар құрылып, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. Әр сынып ұмытылған дәстүрлерді алып насихаттау, көрсету жұмыстарын жүргізді. Сынып сағаттары мен мерекелік концертпен қортыланды. |
| Мамыр  | 1 | 1 | 1 | ➤ «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау.    | Мамыр айының 5- і күні оқушыларды салтанатты түрде өзін өзі басқару ұйымына қабылдау іс-шарасы өтті. Үздік оқушыларды, жақсы оқитын оқушыларды, белсенді оқушыларды ерекшелендіру, қолдау көрсету мақсатында.                           |

**Ұлттық тәрбие бағытында:** Әліде жұмыстарды жандандыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

#### 4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

**Мақсаты:** Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. Бұл бағыт бойынша 9-іс шара жоспарланды. 1 іс-шара өткізілген жоқ. «Отбасы әлемі» клубының құрылмауына байланысты бір шара өткізілмеді.

Отбасы күніне арналған көңілді старттар өткізілді. «Мен отбасымен бақыттымын!» атты фото-көрме өткізілді. Әр сыныпта ата-аналар жиналысы өтті. Онда ата-ана мен мектеп арасындағы келісім шарт талқыланып, қол қойылды, мектеп жарғысымен таныстырылды. Жалпы тәртіп бәріне бірдей, сондықтан жарғыға бағыну міндетті екені айтылды. Оқушының тазалығы, сабаққа дайын келуі, кешікпей келуі туралы да ата-аналарына ескертілді. Ата-аналардың өтініші мен қамқоршылық кеңесінің отырысы өткізілді. Кеңестің төрайымы болып Нецолова О.В сайланды. Басқада ата-аналардың өтініші бойынша құрамы құрылып, қамқоршылық кеңесінің отырысы өткізілді. Онда алдағы айтулы мерекелер туралы талқыланып, жоспар құрылды. Қарттар күніне орай іс-шара ұйымдастыру, қарттарды құттықтау, қазан айында өткізілетін «Алтын күз», мерекесі, желтоқсан айында өткізілетін «Жаңа жыл» мерекесіне арналған жоспарлар құрылып, талқыланды. Жоғарыда аталып кеткен айтулы мерекелер жоспарға сай өткізілді. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы О.Нецолова Қарттар күні мерекесінде демеушілік жасап, қарттарға сыйлық сыйлады. Жаңа жыл мерекесінде де балаларға арнап тәтті кәмпиттерін таратты. Оқу жылының аяқталуына орай Қамқоршылық кеңесі отырысы өткізілді. Онда жазғы лагерді ұйымдастыру, оқу жылынды атқарылған жұмыстар бойынша талқыланып, келесі жылға атқарылатын жұмыстарда талқыланды.

| Мерзімі   | Жоспар бойынша | Өткізілгені | Өткізілмеген | Ұйымдастырылуы                                                                                                                                | Тәрбиелік мәні                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-----------|----------------|-------------|--------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қыркүйек  | 4              | 4           | 0            | Отбасы күніне арналған көңілді старттар.<br>Сыныптық ата-аналар жиналысы<br>Тәрбие сағаты «Менің отбасым»                                     | Оқушыларды спортқа баулу, ата-анасымен бірге спорттық сайыстарға қатыстыру арқылы отбасының өз ара қарым-қатынасын нығайту.<br>Суреттер мен постер қорғау арқылы отбасылық құндылықтарды бойларына сіңірту.                                                                           |
| Қазан     | 2              | 2           | 0            | Отбасымен өткізген әр күніміз бір ертегі»<br>коллаж<br>№1 Жалпы мектептік, сыныптық ата-аналар жиналысы.<br>Қамқоршылық кеңесінің отырысы. №1 | Отбасылық мерекелер мен демалыс күндер, бқытты шақтар естелігінен фото коллаж жасау арқылы отбасының қадір-қасиетін түсіну, құрметтеу.                                                                                                                                                |
| Қараша    | 2              | 1           | 1            | «Мен кітап оқығанды жақсы көремін»<br>«Отбасы әлемі» клубының отырысы.                                                                        | Кітап рухани байлық. Кітап оқу адамның өмірге көзқарасын, құлшынысын дамытады, сөйлеу мәнерін жақсартады.                                                                                                                                                                             |
| Желтоқсан | 1              | 1           | 0            | Қамқоршылық кеңесінің отырысы.                                                                                                                | Жаңа жылдық кештерді жоспарлау, ата-аналармен қоян қолтық жұмыс жасау.                                                                                                                                                                                                                |
| Қаңтар    | 2              | 1           | 1            | Сыныптық ата-аналар жиналысы<br>«Отбасы -мектеп» жобасы                                                                                       | Тоқсанды қортындылау мақсатында күн тәртәбә қойылып, жалпы ата-аналар жиналысы өткізіледі. Жиналыста бала тәрбиесінде қолдау көрсеткен ата-аналарға алғыс білдіре отырып, сабаққа кешігіп келу, түнде көшеде жүру, қоғамдық орындарда, жолдарда абай болу туралы, қауіпсіздік ережесі |

|        |   |   |   |                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|--------|---|---|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|        |   |   |   |                                                                                                                                                                                            | <p>талқыланады.</p> <p>Оббасы және мектеп жобасы аясында клуб құру жоспарға еңгізілді. Бірақ, бәр неше әрекеттер юолғанмен көп ата-аналардың жұмыбасты болуына байланысты, бұл жоба іске аспады.</p>                                                                            |
| Ақпан  | 1 | 1 | 0 | «Отбасы -мектеп» жобасы. Қыздармен жиналыс                                                                                                                                                 | Бұл жоба бойынша ата -аналармен жұмыс іске аспағанымен оқушылармен жұмыстар жасалып тұрды. Отбасындағы бауырларын, ата-аналарына деген сыйластықты арыттыру мақсатында . соынмен қатара қыз баланың қылығы, қыз тәртәбә мен тәрбиесі жайында тренингтер, сұхбаттар жүргізіледі. |
| Наурыз | 1 | 1 | 0 | Қамқоршылық кеңесінің жиналысы №3                                                                                                                                                          | Наурыз мерекесіне орай қамқоршылық кеңесінің қолдаумен «Таэквандо» спорттық сайысы өтті. Астана қаласынан және Целиноград ауданынан спортшылар қатысты. Ынтымақ меткбінің оқушылары І орынды жеңіп алды.                                                                        |
